

**Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті**  
**Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген**  
**6B01710 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының**  
**білім беру бағдарламасына**

**ПІКІР**

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, еліміз әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Осы мақсатта Павлодар педагогикалық университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген 6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеген. Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымын оқу үдерісіне енгізудің мақсаттары ретінде төменде аталғандарды айтуға болады: білім, оқу сапасын қамтамасыз ету; Қазақстанның жоғары білім жүйесінің еуропалық жоғары білім кеңістігіне интеграциялау; студенттердің академиялық ұтқырлануына алғышарт жасау; ұлттық және халықаралық деңгейдегі еңбек нарығында отандық ЖОО дипломдарының мойындалуын қамтамасыз ету; құзыреттілікті қалыптастыру; өздігінен білім алу деңгейін өсіру мен үзіліссіз оқуды қамтамасыз ету, өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеріп тұратын заманында кәсіби мамандардың әлемдік сұранысқа, бәсекеге қабілетті маман болуына мүмкіндік жасау. Сол себепті бұл БББ ұжымының алдында бүгінгі күні білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Жоғары білім беретін 6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ аталған мамандықтың Типтік оқу жоспарына, жоғары білімдендіру (бакалавриат) мамандықтарының классификаторына, педагогтік кәсіби стандартқа, Еуропалық біліктілік шеңберінде келісілген Дублиндік дескрипторға, Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасына (қазақ тілінде оқытатын) және ППУ-дің академиялық саясатына лайықталып құрастырылған (міндетті компонент пен тандалған компонент). Осы тұжырымдамаға сәйкес ең алдымен мамандануға бағытталған мүмкіндікті ескере отырып, модульдік білім беру бағдарламасының және модульдердің құзырлығы анықталған.

Модульдік білім беру бағдарламасымен оқыту оқу үрдісін ұйымдастыруда жаңа ізденістерге мүмкіндік ашып, «жалпыға ортақ білім» парадигмасынан «әркімге арналған білім» парадигмасына қадам жасатады.

4 жылға негізделген 6B01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бакалавриаттың модульдік білім беру бағдарламасы екі білім траекториясын ұсынады. Оны келесі пәндерден көруге болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде); Қашықтықтан білім беру технологиясы; Инклюзивті білім беру; Білім беру мен оқытудың жаңа тәсілдері; Қазақ тілін оқыту әдістемесі Марғұлантану пәні; Ғылыми-зерттеу қызметінің негіздері мен академиялық жазу

сауаттылығы; Психологиялық-педагогикалық білімдену модулі (ЖОО-дағы барлық практика түрлері); Өлкетану модулі;

Модульдік білім бағдарламасы білімді белгілі бір көлемде ғана беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейді. Ол студенттің жалпы тұлғалық дамуын, ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуды да көздейді.

Білім алушылардың оқыту үдерісі кезінде алған білімін, білігі және дағдысын кәсіби қызметте қолдана алу қабілеті негізіндегі бағдарламада құзыреттіліктер өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеріп тұратын заманында кәсіби мамандардың әлемдік сұранысына, жұмыс берушінің талаптарына сай жасалған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының құрамдас бөлігі болып табылатын оқу жұмыс жоспары, оқу жоспары қайта қаралып, барлық нормативтік құжаттарға сай жасалынған.

Қорыта келгенде, 6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша мынандай ерекшеліктерді атауға болады:

- «Модульдік білім беру бағдарламасы құрылымы» қажетті білімді өз бетінше ала отырып, оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға жәрдемдеседі;

- ұсынылған модульдер жүйесі студенттің білім, білік дағдысын жетілдіре отырып, ойлау қабілетін арттырады, білімін жүйелейді; білім мазмұнын терең игеруге, жоғары нәтижеге жетуге септігін тигізеді;

- жұмыста басшылыққа алынған ұстанымдар пән мазмұнын жан-жақты игерте отырып, рухани құндылықтарды тани және бағалай білуге көмектеседі;

- әр түрлі практика кезінде атқарылған жұмыстар адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілетін қалыптастырып, рухани дүниесін кеңейтуге мүмкіндік тудырады;

- модульдердің жүйесі әр түрлі формада ұсынылуы студенттің ақпараттық, танымдық, коммуникативтілік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді;

- элективті каталогтардың құрамының жаңартылып отыруы студенттің білімін тереңдетіп, қосымша ақпараттарды ұтымды қолдануға мүмкіндік беріп, білімін жүйелейді.

Тұжырымдап айтқанда, Павлодар педагогикалық университеті Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген 6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған Білім беру бағдарламасы жалпы білім беру мектептерінің жаңартылған білім беру бағдарламасына негізделген және болашақ маман дайындаудағы білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу үдерісінде пайдалануға әбден болады.



Бағдарламаның «№7 жалпы орта  
білім беру мектебі» КММ басшысы

М.Б.Асаинов